

ЖАЙЛЫ ЖЕР ІЗДЕП КЕТТІ ДЕП...

5-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ҚАҺАРМАН ХИУАЗ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазақстан цифрлық ел болуды көздеп отыр. Бұл – еліміздің алдында тұрған стратегиялық мақсат. Осы жыл Қазақстанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Астанада Alem.ai жасанды интеллект орталығы ашылды. Сондай-ақ біз екі суперкомпьютерді іске қостық. Келесі қадам – «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру.

№58
(4956)
Сейсенбі
19 мамыр
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



ПРЕЗИДЕНТКЕ СЕНІММЕН ҚАРАЙДЫ

Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының тапсырысы бойынша 2026 жылғы сәуір айында қоғамдық пікірге жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша ел Президентіне деген сенім деңгейі 86,7%-ды құрады.

Аталған көрсеткіш соңғы жылдары тұрақты жоғары деңгейде сақталып, қоғамның елді жаңғырту мен жүйелі реформалар бағытын берік қолдайтынын айғақтайды деп нақтылайды ғылыми институт.

«Президентке деген ең жоғары сенім деңгейі жастар арасында тіркелді – 91,4%. Бұл үрдіс сенім сипатының сапалық ерекшелігін көрсетеді. Жас буын мемлекет тарапынан ұсынылатын білім гранттары, түрлі бағдарламалар, цифрлық қызметтер және өзге де қолдау тетіктерін жиі пайдаланады. Сонымен қатар бүгінгі жастар елдің қарқынды даму кезеңінде қалыптасып келеді, бұл жағдай Президентке деген сенім деңгейіне де ықпал етпей қоймады» делінген ҚСЗИ хабарламасында.

Әлеуметтану сауалнамасы ҚСЗИ тапсырысы бойынша 2026 жылғы 10 сәуір мен 10 мамыр аралығында жүргізілді. Іріктемелік жиынтық көлемі – 8000 респондент. Сауалнамаға 18 жастан асқан, еліміздің 17 облысы мен республикалық маңызы бар үш қаласының – Астана, Алматы және Шымкент тұрғындары қатысты.

LRT ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Елордада көптен күткен LRT көлігі іске қосылды. Алғашқы жолаушылардың бірі болған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жеңіл рельсті көліктің пайдалануға берілуі Астана мен еліміз үшін ерекше маңызды оқиға екенін атап өтті.

МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жаңа қанатқақты жоба іске қосылады. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бірлескен бұйрығында айтылды.

Құжатқа сәйкес, «Білім беру ұйымдарына ведомстволық бағыныстылығына қарамастан құжат қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жоба 2026 жылғы 27 мамыр мен 31 тамыз аралығында 1-сыныпқа құжат қабылдау және оқуға қабылдау бөлігінде іске қосылады. Бұйрықта сондай-ақ жобаны іске асыру алгоритмі мен 1-сыныпқа құжат қабылдаудың өңірлер бойынша нақты кестесі бекітілген. Астана, Абай облысы, Жетісу облысы, Қызылорда облысы, Батыс Қазақстан облысында 27 мамыр-31 тамыз аралығы құжат қабылдау мерзімі болып бекітілді.



Бас қалада «Таза Қазақстан» экология акциясы аясында жалпықалалық тазалық күні өтіп, оған 100 мыңнан астам адам қатысты. Бастамаға 2683-тен астам кәсіпорын, ұйым мен мекеме қолдау көрсетті.

АСТАНА – ТАЗАЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Жалпықалалық тазалық күні акциясына 1208 арнайы техника тартылды. Акция барысында шамамен 230 тонна қоқыс шығарылып, 2150-ден астам аула тазартылды. Сондай-ақ 220 саябақ пен гүлзар, 78 тарихи-мәдени ескерткіштің аумағы ретке келтірілді. Көктемгі тазалық акциясы басталғалы қалада шамамен 30 мың жасыл желек отырғызылды.

Мерейлі ОТБАСЫ ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын өткізетін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға өтінімдерді қабылдау басталды.

Өтінімдер 15 мамырдан 15 маусымға дейін өңірлік комиссияларда қабылданады. Байқау екі кезеңде өтеді: аудандық (қалалық) кезең (15 маусымнан 30 маусымға дейін); облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен елорда) кезең (30 маусымнан 15 шілдеге дейін). «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы Қазақстанның барлық өңірінен үздік деп танылған 20 отбасына беріледі. Конкурс лауреаттарын салтанатты марапаттау рәсімі Астана қаласында өтеді. Биыл қатысуға ниет білдіргендер өз өтінімін өңірлік комиссияларға жібере алады. Толық ақпаратты +7 (7172) 74-10-52, 74-01-62 телефондары арқылы алуға болады.

№58 (4956) 19/05/2026 Сейсенбі



АСТАНА ҮШІН МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

Мемлекет басшысы Astana LRT жүйесін іске қосу рәсіміне қатысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы қоғамдық көлікке, соның ішінде LRT жүйесіне мониторинг жүргізіп, оның жұмысын реттейтін Бірыңғай диспетчерлік орталықтың қызметімен танысты.



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, LRT жүйесін іске қосу аясында жеңіл рельсті көліктің арнаулы диспетчерлік қызметі жасақталған. Қаладағы қоғамдық көлікке мониторинг жүргізу және оның қызметін реттеумен 21 маман айналысады.

Мемлекет басшысы жеңіл рельсті көліктің пайдалануға берілуі Астана мен еліміз үшін ерекше маңызды оқиға екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев елорда келешекте Еуразияның көлік хабына айналуға тиіс екенін айтты. Сондай-ақ жобаны табысты жүзеге асырған қытайлық компанияға ризашылық білдірді. Мемлекет басшысы LRT құрылысын жүргізіп жатқан қытайлық компания өкілдері мен CTS Transportation, Astana LRT жұмысшыларына сәттілік тілеп, жобаны одан әрі жалғастыруды тапсырды. Содан кейін Президент Astana LRT жұмысын іске қосты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа 001 сериялы карта берілді. Мемлекет басшысы LRT жүйесінің алғашқы жолаушысы ретінде «Әуежай» станциясынан «Ұлттық музей» станциясына дейін жүрді.

LRT жүйесінің әр құрамы 600-ден астам жолаушыны тасымалдауға арналған. Ұзындығы 22,4 шақырым желі арқылы 15 құрам жүргізушісіз жүреді (4 құрам резервте). Басқару, жылдамдықты арттыру және тежеу, есікті ашу үдерісі, сондай-ақ төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер толығымен автоматтандырылған. Қосымша бақылау үшін қолмен басқару және диспетчермен байланысқа шығу мүмкіндігі қарастырылған. LRT инфрақұрылымында 18 станция мен заманауи депо бар. Бағыт бойынша жолдың ұзақтығы шамамен 40 минутты құрайды. Құрамдар сағатына 50-60 шақырым орташа жылдамдықпен 5-6 минут сайын жүреді.

Қоғамдық көлікті одан әрі дамыту мақсатында LRT жобасының екінші кезегі іске асырыла бастады. Атап айтқанда, «Астана-1» вокзалы, «Жағалау» шағын ауданы, Қосшы қаласы бағыты бойынша жаңа желінің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. 20 станциядан тұратын екінші кезеңнің жалпы ұзындығы 26,5 шақырымды құрайды.





ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы

Адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту, білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар мәдениет, білім беру және инновациялар салаларындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып айқындалсын: кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру; оқырмандарға арналған заманауи инфрақұрылымды дамыту: цифрлық құралдарды кеңінен қолдана отырып, жаңа форматтағы кітапханалар, қоғамдық кеңістіктер құру; туындылары жас ұрпақты Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттары мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген отандық жазушылар мен ақындарды қолдау; баспагерлер мен кітап өнімін таратушылардың мемлекет үшін пайдалы қызметтерін ынталандыру; ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттау.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) халықтың әртүрлі санаттары, оның ішінде балалар мен жастар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту және кітап оқудың орнықты дағдыларын қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етсін;

2) жаңа форматтағы кітапханалар, көпфункционалды қоғамдық кеңістіктер құруды, заманауи ақпараттық жүйелер мен сервистер ендіруді қоса алғанда, оқырман инфрақұрылымын жаңғыртуды қамтамасыз етсін;

3) ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттауды, оның ішінде туындыларды сапалы аудару, басып шығару, оқырмандардың кең ауқымды аудиториясына тарату арқылы қамтамасыз етсін;

4) 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасын іске асыруға кіріссін;

5) жасанды интеллектіні дамыту жағдайында 2026 жылдың соңына дейін Кітап оқу мәдениетін және кітап ісін насихаттаудың 2027-2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын (бұдан әрі – «Зерделі ұлт» тұжырымдамасы) бекітсін;

6) 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңының жобасын әзірлесін;

7) 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін кітап оқу мәдениетін дамытудағы жетістіктері үшін Ұлттық сыйлық тағайындасын;

8) 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін бірыңғай қолжетімді Ұлттық цифрлық кітапхана платформасын құрсын;

9) жыл сайын «Зерделі ұлт» тұжырымдамасының іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп берсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев
Астана, Ақорда,
2026 жылғы 16 мамыр, №1279

Балық шаруашылығындағы инвестиция жобаларын жүзеге асыру және саланы қаржыландыру мәселелері Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин төрағалық еткен кеңесте қаралды.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалин инвестиция жобаларын жүзеге асыру барысы, сондай-ақ QR-кодтау арқылы балық аулау торларын бақылау жүйесін енгізуді қоса алғанда, балық шаруашылығы саласын цифрландыру шаралары туралы баяндады.

2026-2030 жылдарға арналған кезеңге жалпы инвестиция көлемі шамамен 60 млрд теңгені құрайтын 41 инвестиция жобасынан тұратын пул қалыптасты. Аталған жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде балық өсіру көлемін қосымша 14 мың тоннаға, өндеу көлемін 10 мың тоннаға дейін ұлғайтуға, сондай-ақ жылына 30 мың тоннаға дейін жем өндіруді жолға қоюға мүмкіндік туады. Саланы қолдау мақсатында 2024 жылдан бастап балық өсіру және өңдеу жобаларын жылдық 2,5% мөлшерлемемен жеңілдетілген несиелеу тетігі іске қосылды. Бүгінде 10 балық шаруашылығы субъектісі 5,7 млрд теңге көлемінде қаржы алды.

Кеңес барысында өткен жылы қабылданған «Акваөсіру туралы» заңды жүзеге асыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Заң аясында 60-тан астам нормативтік құқықтық акт қабылданды. Мемлекеттік қолдаудың негізгі шаралары қатарында айналым қаражатын толықтыруға жылдық 5% мөлшерлемемен несие беру, 6% мөлшерлемемен инвестиция қарыздарын ұсыну, балық өсіруге арналған жер учаскелерін беру және басқа да тетіктер бар.

Сонымен қатар вице-министрдің айтуынша, салада заңсыз балық аулаудың жоғары деңгейі, инспекциялық бақылау мүмкіндігінің шектеулілігі және аулау құралдарын есепке алудың бірыңғай цифрлық инфрақұрылымының болмауы сияқты жүйелі мәселелер сақталуда. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы министрлігі QR-кодтау арқылы балық аулау торлары мен өзге де аулау құралдарын цифрлық сәйкестендіру жүйесін енгізуді ұсынып отыр. 2025 жылы мемлекеттік деректер базаларымен интеграцияланған және заңсыз балық өнімдерінің айналымына тосқауыл қоюға бағытталған E-fish ақпараттық жүйесі өнеркәсіпте пайдалануға енгізілді. Жүйеде саланың 100% қатысушылары – 1210 балық шаруашылығы және акваөсіру субъектісі тіркелген. Бұл «көлеңкелі» балық өнімдері айналымын 2 мың тоннаға қысқартуға мүмкіндік берді.

№58 (4956) 19/05/2026 Сейсенбі



АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫ АУЫСТЫ

Елордада «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің кезекті XI съезі және елорданың Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының шығармашылық көрмесі өтті. Оған еліміздің барлық өңірінен 120 делегат қатысты.

Жиында орталық кеңестің атқарған жұмысы туралы есеп пен ардагерлер қозғалысын одан әрі дамыту міндеттері қаралды. Орталық кеңес төрағасының міндетін атқарушы Абай Тасболатов баяндама жасады. Қорытындысында орталық кеңестің жаңа құрамы, тексеру комиссиясы және ТМД ардагерлер ұйымдарының халықаралық одағының X съезіне делегаттар сайланды. Орталық кеңестің төрағасы болып Әбілғазы Құсайынов, төрағаның бірінші орынбасары болып Абай Тасболатов бірауыздан сайланды.

Сәндік-қолданбалы өнер көрмесіне Алматы, Сарайшық және Сарыарқа аудандарындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының шығармашылық үйірме жетекшілері Айгүл Еркінқызы, Жібек Серікқызы және Қыдыркүл Орымбайқызы өз қатысушыларымен бірге қолөнер туындыларын ұсынды. Көрмеге тоқыма тоқу, папье-маше, ниткография, бисермен тоқу және кілем кестелеу бағытындағы жұмыстар қойылды. Әрбір бұйым қатысушылардың шеберлігі мен шығармашылық ізденісін көрсетті. Әсіресе, ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдары қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырды. Ерекше атап өтерлігі, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Кілем тоқу», «Ұршық үйіру» үйірмелері мен «Әжелер 80+» клубы белсенді жұмыс істейді. Бұл бағыттар аға буын өкілдерінің ұлттық қолөнерді сақтап, шығармашылық қабілетін дамытуына және қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

ЭКОАКЦИЯҒА 100 МЫҢ АДАМ ҚАТЫСТЫ

Таза Қазақстан
жалпыұлттық экологиялық акция

Бас қалада «Таза Қазақстан» экология акциясы аясында жалпықалалық тазалық күні өтті. Елорда әкімдігі таратқан ресми мәлімет бойынша оған 100 мыңнан астам адам қатысты. Бастамаға 2683 кәсіпорын, ұйым мен мекеме қолдау көрсеткен.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

Таңертеңнен бастап қала тазалауға бизнес өкілдері, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, еңбек ұжымдары, жастар мен елорда тұрғындары жұмылды. Олар аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді тазалап, қаланы көгалдандыру жұмысына атсалысып, қоршаған ортаға зор жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті.

Экология акциясына 1208 арнайы техника тартылды. Соның нәтижесінде шамамен 230 тонна қоқыс шығарылып, 2150 аула тазартылды. Сондай-ақ 220 саябақ пен гүлзар, 78 тарихи-мәдени ескерткіштер аумағы ретке келтірілді. Тазалық күніне шыққандар аумақтарды тазалаумен қатар ағаш егіп, қоғамдық орындарды абаттандыру жұмысына да өз үлесін қосты. Мұндай акциялар тұрғындар арасында экология мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Жалпы алғанда, 11 сәуір мен 16 мамыр аралығында өткен экология айлығына 240 мыңнан астам астаналық, шамамен 12,4 мың кәсіпорын мен ұйым қатысты. 4700-ден астам арнайы техника жұмылдырылып, 1200 тоннадан астам қоқыс шығарылған. 8540-тан астам аула тазартылып, 1,4 мыңнан астам аялдама павильоны мен 17,1 мың метр көше қоршауы жуылды. Бұдан бөлек, шамамен 30 мың түп жасыл желек егілді. Елордадағы тазалық пен қаланы абаттандыруға бағытталған экология акциясы әлі жалғасуда.

ЖАҢА АУЛА АШЫЛДЫ

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында Астана қаласы Алматы ауданы Абылай хан даңғылы, 12/2 мекенжайында абаттандырылған кезекті ауланың салтанатты ашылуы өтті.

Оған Алматы ауданы әкімінің орынбасары Сералы Тәжіханов, Астана қаласы мәслихатының депутаты Динара Байсеркина, сондай-ақ аудан тұрғындары қатысты. Аниматорлардың қатысуымен балаларға арналған мерекелік бағдарлама мен концерт қойылымы ұйымдастырылды. Аула мерекелік көңіл күйге бөленіп, балалардың шат күлкісіне толы ерекше атмосфера қалыптасты. Сонымен қатар балаларға естелік сыйлықтар табысталды. Абаттандыру аясында тұрғындарға жайлы әрі заманауи қалалық орта қалыптастыруға бағытталған ауқымды жұмыстар жүргізілді. Аулада балалардың жаңа ойын кешендері мен шағын сәулет нысандары орнатылып, ойын алаңдарының жабындары мен гүлзарлар жаңарды, футбол алаңы жөнделіп, спорт алаңдары, автотұрақ аумақтары абаттандырылды, демалыс аймақтарына орындықтар мен қоқыс жәшіктері қойылды. Белсенді өмір салтын насихаттауға ерекше көңіл бөлініп, аула аумағында ашық аспан астында спортпен шұғылдануға арналған заманауи workout-аймақ жабдықталды.



Алматы ауданында аулаларды абаттандыру жұмысы жүйелі түрде жалғасуда. Негізгі мақсат – тұрғындар үшін жайлы, қауіпсіз әрі заманауи қоғамдық кеңістіктер қалыптастыру. Жаңарған аула бүгінде балалар мен жастардың, сондай-ақ тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналды.

ЗАҢДЫ ӨМІР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астана қаласының прокуратурасы елорда әкімдігімен бірлесіп, «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Заңды өмір – жарқын болашақ» профилактикалық іс-шарасын ұйымдастырды. Оған прокуратура, Ішкі саясат және Мәдениет басқармалары, Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті, Психикалық денсаулық орталығы, «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы, Еңбек мобильділігі орталықтары, «Адал жүрек» әлеуметтік жобасының басшылары қатысты.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

– Іс-шара барысында құқық, психология, әлеумет және жұмысқа орналасу бағыттары бойынша нақты көмек тетіктері түсіндірілді. Спикерлер баяндама жасады. Өмірде қиын жағдайдан шығуға құлшыныс беретін тағылымды бейнематериалдар ұсынылды. Мұндағы мақсат – пробациялық бақылауда тұрған азаматтар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және оларды қайта әлеуметтендіру, – деді Астана қаласы Сарыарқа аудандық прокурорының орынбасары Дамир Тағаев.

Сондай-ақ Музыкалық жас көрермен театрының әртістері «Екі ғұмыр» атты қойылым қойды. Мұнда есірткіні қолданудың қайғылы салдары көрсетілді. Соңында кәсіпкерлердің қатысуымен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылып, пробациялық бақылауда тұрған азаматтарға жұмыспен қамту және қоғамға бейімделу мүмкіндіктері ұсынылды.

LRT-мен ЖҮРГЕНДЕ ЕСКЕРІҢІЗ

LRT желісінде жолаушылардың қауіпсіздік ережелерін бұзғаны анықталды. Мұндай әрекеттер апатты жағдайларға және пойыз қозғалысының уақытша тоқтауына себеп болуы мүмкін.

Атап айтқанда, жолаушылар тарапынан мынандай жағдай тіркелді: станция платформасындағы шұғыл тежеу батырмасын негізсіз басу; пойыз ішіндегі қорғаныш әйнектің артында орналасқан платформа есіктерін шұғыл ашу батырмасын іске қосу; вагон есіктерін ішінен өздігінен ашуға ұмтылу; қолын есік арасына тосып, есіктің жабылуына әдейі кедергі келтіру.

LRT жүйесі толық автоматтандырылған. Осындай кез келген іс-әрекет жүйе тарапынан қауіпсіздікке төнген ықтимал қатер ретінде қабылданып, пойыздың тоқтауына және диспетчерлік орталықтың қосымша тексеріс жүргізуіне әкеледі. Осыған байланысты жолаушылардан LRT пайдалану ережелерін сақтау сұралады. Сондай-ақ желіде жоғары кернеу бар екені ескертілді. Әр құрам ішінде LRT пойызының операторы болады, қажет болған жағдайда, электр қуаты ажыратылғаннан кейін есіктерді сол маман ашады.

Тәртіп бұзғандар станциялар мен вагондарға орнатылған бейнебақылау камералары арқылы анықталады. Факті материалдары құқық қорғау органдарына жолданады және жолаушылардың қауіпсіздігіне қатер төндіріп, LRT жүйесінің тұрақты жұмысына кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауапқа тарту мәселесі қаралады.



АҚ ҰЛПАДАН АБАЙЛА!

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті терек мамығының тез тұтанып, өрттің үлкен аумаққа жылдам таралуына себеп болуы мүмкін екенін ескертті.

Мамандардың айтуынша, құрғақ мамық әсіресе желді күндері аса қауіпті болып, оттың тұрғын үйлерге, көліктерге және шаруашылық құрылыстарына жету қаупін арттырады. ТЖД терек мамығын өртемеуді, балалардың отпен ойнауына жол бермеуді, сіріңке мен оттықты қолжетімсіз жерде сақтауды, сондай-ақ аулалардағы жиналған мамықты сулап, тұрғын үйлер мен құрылыстардан аулаққа апарып тастауды ескертеді.

Көктемнің соңы мен жаздың басында елорда тұрғындарын мазалайтын құбылыстың бірі – терек мамығы. Астана көшелерінде қалықтап ұшқан ақ ұлпа кейбіреуге әдемі көрініс сыйлағанымен, көпшілік үшін аллергия мен жайсыздық тудырады. Бұдан бөлек, құрғақ мамық өрт қаупін де күшейтеді.

Қазір қалада мамық шығармайтын аталық теректерді отырғызу жұмысы кезең-кезеңімен жүргізіліп жатыр. Алайда бұл ұзақмерзімді әрі жоспарлы процесс болғандықтан, мәселе бірден шешіле қоймайды. Осы уақыт аралығында мамықты дер кезінде тазалау, ағаш бұтақтарын кесу және ескі теректерді арнайы көшеттермен алмастыру сияқты уақытша, бірақ маңызды іс-шаралар қолға алынуда.

№58 (4956) 19/05/2026 Сейсенбі

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Халықты жұмыспен қамту – елорданы дамытудың басым бағытының бірі. Қазір еңбек нарығындағы ахуал тұрақты, жергілікті атқарушы органдардың бақылауында. Қаладағы жұмыссыздық деңгейі республикалық орташа көрсеткіштен төмен. Ол оң динамиканы және жүзеге асып жатқан шаралардың тиімділігін көрсетеді. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Еңбек мобильділігі орталығының директоры Олжас Омар мәлімдеді.



Спикердің айтуынша, биылғы алғашқы төрт айдың қорытындысы бойынша елордада 7593 жаңа жұмыс орны құрылған. Сонымен қатар 6122 адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде 3194-і – 35 жасқа дейінгі жастар.

– Жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуде Мансап орталықтарының рөлі зор. Олар жұмыс іздеген халыққа кешенді қолдау көрсетеді. Мұнда лайықты бос жұмыс орындары іріктеледі, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері өтеді, сұранысқа ие дағдылар бойынша оқыту ұйымдастырылады, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамытуға жәрдем көрсетіледі. Жыл басынан бері 302 жұмыс берушінің қатысуымен 17 бос орындар жәрмеңкесі өткен, мыңнан астам бос жұмыс орнын ұсынған. Сонымен қатар «Электрондық еңбек биржасы» порталында 1980 жұмыс берушіден шамамен 5600 бос жұмыс орны орналасқан, – дейді Олжас Омар.

Қалада жұмыспен қамту мүмкіндігін кеңейту үшін бірқатар белсенді іс-шара іске асуда. «Жастар практикасы» бағдарламасы жоғары және техникалық, кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектерін, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ азаматтарды қолдауға бағытталған. Бағдарламаға оқуын аяқтағаннан кейін 5 жыл ішінде қатысуға болады. Практика мерзімі 12 айға дейін және еңбек өтіліне қарай есептеледі. Жалақы мөлшері – 30 АЕК (2026 жылы – 129750 теңге). Зейнеталды жастағы азаматтар үшін «Күміс жас» жобасы іске асуда. Бағдарлама 50 жастан асқан азаматтарды 36 айға дейін жұмыспен қамтуды көздейді және тұрақты табыс табуға мүмкіндік береді. Уақытша жұмыспен қамту мақсатында қоғамдық жұмыстар мен әлеуметтік жұмыс орындары ұсынылады. Қатысушыларға 24 АЕК (103800 теңге) мөлшерінде жалақы төленеді, қатысу мерзімі – 12 айға дейін.

Маңызды бағыттың бірі – азаматтарға сұранысқа ие дағдыны қысқа мерзімде меңгеруге мүмкіндік беретін қысқамерзімді кәсіптік оқыту. Оқу мерзімі – 1 айдан 6 айға дейін. Оқыту оқу орталықтарында да, жұмыс берушілердің өтінімі бойынша тікелей жұмыс орындарында да ұйымдастырылады. Оқу орталықтарында оқыған кезде мемлекет оқу шығынын толық өтеп, 43574 теңге көлемінде шәкіртақы төлейді. Ал жұмыс орнында оқыған қатысушылар 86500 теңге жалақы алады. Сондай-ақ VR-технологияларды қолдану арқылы заманауи оқыту форматы енгізілуде. Бұл өндіріс процесін модельдеуге және мамандарды даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Дайындық келесі бағыттар бойынша жүзеге асады: дәнекерлеу ісі, кондитерлік іс, токарлық іс, слесарлық іс, сондай-ақ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.


> Маңызды бағыттың бірі – азаматтарға сұранысқа ие дағдыны қысқа мерзімде меңгеруге мүмкіндік беретін қысқамерзімді кәсіптік оқыту. Оқу мерзімі – 1 айдан 6 айға дейін. Оқыту оқу орталықтарында да, жұмыс берушілердің өтінімі бойынша тікелей жұмыс орындарында да ұйымдастырылады. Оқу орталықтарында оқыған кезде мемлекет оқу шығынын толық өтеп, 43574 теңге көлемінде шәкіртақы төлейді. Ал жұмыс орнында оқыған қатысушылар 86500 теңге жалақы алады

Мемлекеттік саясаттың маңызды бағытының бірі – кәсіпкерлікті дамыту. 2026 жылы әлеуметтік осал топтар үшін жаңа бизнес-идеяны іске асыруға 260 мемлекеттік грант беру жоспарланған. Грант мөлшері – 400 АЕК, ол қайтарымсыз негізде ұсынылады. Цифрлық шешімдер мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Enbek.kz порталы – бос жұмыс орындарына, онлайн-оқытуға (skills enbek) және мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізетін бірыңғай платформа. Портал арқылы азаматтар қашықтан жұмыссыз ретінде тіркеліп, әлеуметтік төлемдерге өтініш беріп, оқудан өтіп, жұмыс таба алады. Азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында ағымдағы жылдың ақпан айында қалалық Мансап орталығы қайта ұйымдастырылып, үш аумақтық филиал ашылды. Атап айтқанда, Сарыарқа ауданы бойынша филиал Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайында орналасқан. Ол Сарыарқа және Байқоңыр аудандарының тұрғындарына қызмет көрсетеді. Есіл ауданы бойынша филиал Достық көшесі, 13 мекенжайында жұмыс істейді. Мұнда Есіл және Нұра аудандары қамтылған. Ал Сарайшық ауданының филиалы А.Байтұрсынұлы көшесі, 29/2 мекенжайында орналасып, Сарайшық және Алматы аудандарының тұрғындарына қызмет көрсетеді.

ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕТІН МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізу туралы Жарлығы – уақыт талабынан туған тарихи шешім. Бұл – тек цифрлық технологияны білім саласына енгізу ғана емес, ұлт болашағын жаңа ойлау деңгейіне көтеруге бағытталған маңызды қадам. Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев Мемлекет басшысының Жарлығы туралы осылай пікір білдірді.



Оның айтуынша, бүгінгі әлемде білім беру жүйесі тек ақпарат берумен шектелмейді. Ең бастысы – баланың ойлау қабілетін дамыту, оның бойындағы қабілетті дер кезінде танып, жеке траекториясын қалыптастыру.

«Президент Жарлығында осы мәселелердің барлығы терең қамтылған. Әсіресе, қала мен ауыл мектебі арасындағы білім сапасының алшақтығын азайтуға бағытталған бастамалар – ел болашағына деген шынайы жанашырлықтың көрінісі. ЖИ – мұғалімді алмастыратын құрал емес, ұстаз еңбегін жеңілдетіп, сапасын арттыратын мүмкіндік. Ұстаздың жүрек жылуын ешқандай технология алмастыра алмайды. Бірақ технология педагогқа уақытты тиімді пайдаланып, әр баламен жеке жұмыс істеуге жол ашады. Бұл – білім сапасын жаңа деңгейге көтеретін мүмкіндік. Астана қаласының білім беру жүйесінде цифрлық трансформация бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Ендігі міндет – ЖИ мүмкіндігін қауіпсіз, сауатты әрі тиімді қолдана отырып, оқушыларға заманауи білім беру ортасын қалыптастыру. Президент Жарлығы – болашаққа бастайтын бағдар. Себебі бүгінгі мектеп – ертеңгі Қазақстанның келбеті. Ал білімге салынған инвестиция – мемлекет дамуының ең сенімді кепілі» деп пікір білдірді Білім басқармасының басшысы.

Елорда тұрғындарына мүгедектікті және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін белгілеу қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі. Бұл қызметті А.Кравцов көшесі, 18-үйде орналасқан Астана қаласы бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) бөлімдері жүзеге асырады.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Мемлекеттік қызметті аталмыш департаменттің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінің шешімдеріне шағымдарды қарайтын және МӘС мәселелері бойынша бақылау жүргізетін әдіснама және бақылау бөлімі, сондай-ақ 18 жасқа дейінгі тұлғаларды куәландыруды жүзеге асыратын балалар бөлімі атқарады.

Адам баласының тіршілік әрекетін шектейтін тұрақты денсаулық бұзылыстарының болуы және олардың тұрғылықты жері бойынша медицина ұйымымен расталуы – медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдаудың негізі. Оны қаладағы медицина ұйымының дәрігерлік-консультациялық комиссиясы жүзеге асырады. Медицина ұйымдары тұлғаларды уақытша еңбекке жарамсыздық басталған немесе диагноз қойылған сәттен бастап 4 айдан ерте емес мерзімде МӘС-ке жібереді. Бұл талап анатомиялық ақаулары бар тұлғаларға, 21-хромосома бойынша трисомиясы (Даун синдромы) бар тұлғаларға, ағза функцияларының айқын немесе күрт айқын бұзылыстары бар, оңалту әлеуеті жоқ және паллиативтік көмек алатын жазылмайтын науқастарға қолданылмайды. Осылайша, тұлғаларды куәландыруға ресімдеу және жолдау мәселелері тек медицина ұйымдарының құзыретіне жатады, ал департаменттің МӘС бөлімдерінің құзыретіне кірмейді.

Мүгедектікті және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін белгілеу екі форматта жүргізіледі:

– күндізгі формат (бұл жағдайда тұлға тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС бөліміне келіп, куәландырудан өтеді);

– сырттай-проактивті формат (бұл жағдайда МӘС бөліміне жеке келу талап етілмейді). Қазіргі уақытта Астана қаласы бойынша сырттай-проактивті куәландыру үлесі 51,7 пайызды құрайды.

Медициналық-әлеуметтік сараптама медицина құжаттарын талдау негізінде ағзаның жай-күйін кешенді бағалау арқылы жүргізіледі. Негізгі фактор – ұсынылған медицина қорытындысының сапасы мен толықтығы.

Мүгедектікке алып келген ауру бойынша денсаулық жағдайы нашарлаған кезде мүгедектігі бар тұлғалар уақытша еңбекке жарамсыздық басталған немесе диагноз қойылған күннен бастап 2 айдан ерте емес мерзімде МӘС-ке жіберіледі.

Медициналық-әлеуметтік сараптаманы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығымен реттеледі.

Медициналық-әлеуметтік сараптаманы жүргізудің барлық кезеңінен өту үшін азаматтар:

– тұрғылықты жері бойынша емханаға жүгінуі;

– қажетті медицина тексеруінен өтуі;

– медицина көрсетілімі болған жағдайда, медицина ұйымы электрондық жолдаманы (031/у нысаны) рәсімдеп, ақпарат жүйелері арқылы МӘС-ке жолдауы;

– жолдаманың әр кезеңі бойынша азаматқа SMS-хабарлама жіберілуі;

– формальды-логикалық бақылаудан өткеннен кейін куәландыру жүргізілуі (күндізгі немесе сырттай-проактивті форматта);

– мүгедектікті белгілеу туралы шешім комиссиямен денсаулық жағдайын, еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін және тіршілік әрекетінің шектелуін кешенді бағалау негізінде қабылдануы тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша қызмет алушы немесе оның заңды өкілі «электрондық үкімет» веб-порталының жеке кабинеті арқылы тиісті құжаттарды алады. Қажет болған жағдайда, құжаттар қызмет алушының немесе оның өкілінің талабы бойынша тұрақты тіркелген жері бойынша МӘС аумақтық бөлімінде қағаз түрінде беріледі.

Азаматтардың құқығы:

– мүгедектікті белгілеу тәртібі туралы ақпарат алу;

– комиссия шешіміне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдану;

– мүгедектік белгіленгеннен кейін әлеуметтік қолдау шараларын алу.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті мүгедектікті белгілеудің негізділігіне, еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін айқындауға және әлеуметтік қолдау шараларын тағайындауға тұрақты түрде жүйелі мониторинг жүргізіп келеді. Бұл талдау медициналық-әлеуметтік сараптамаға түсетін құжаттар негізінде, сондай-ақ медициналық-ақпараттық жүйелермен интеграция арқылы жүзеге асырылады. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде республика бойынша медицина құжаттарын қолдан жасау фактілері анықталды. Атап айтқанда, бірдей мазмұндағы құжаттарды әртүрлі пациенттің атына рәсімдеу, зертхана көрсеткіштерінің, анамнездің және дәрігер қорытындысының толық сәйкестігі, сондай-ақ тек пациенттің деректері мен тексеру күндерін өзгертіп, мазмұнын сол күйінде қалдыру сияқты заң бұзушылықтар орын алған. Мұндай жағдайлар жүйелі сипатқа ие және медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдау кезінде типтік медицина құжаттарын қолдану ықтималдығын көрсетеді. Қазіргі таңда республика бойынша осындай 167 факт анықталған. Аталған деректер бойынша уәкілетті органдар тарапынан кешенді шаралар қабылдануда: бақылау, қайта куәландыру жүргізілуде, материалдар құқық қорғау органдарына жолданды, әлеуметтік төлемдер тоқтатылды, ал заң бұзушылықтар расталған жағдайда, бұрын қабылданған шешімдер қайта қаралады. Астана қаласында мұндай заң бұзушылық фактілері тіркелген жоқ. Сонымен қатар бұл жағдай босаңсуға негіз емес. Ол мәселе – департаменттің тұрақты бақылауында. Біз алдағы уақытта да алдын алу және бақылау жұмысын жүйелі түрде жалғастырамыз. Негізгі мақсатымыз – медициналық-әлеуметтік сараптама жүйесінде ашықтықты, заңдылықты және әділдікті қамтамасыз ету.

Ләззат САРТЫМБЕТОВА,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары

Олжас ЖОЛДЫБАЙ



ЖАЙЛЫ ЖЕР ІЗДЕП КЕТТІ ДЕП...

Қазір еңбек нарығы ашық. Кім қайда барып жұмыс істеймін, жағдайын жақсартамын десе де мүмкіндік қарастырылған. Кейінгі кездері еңбек табысын шетелден іздейтін отандастырымыз бәсі артты. Өзге елде еңбек ету, нәпақа табу әлеуметтік тұрмысты жақсартуы мүмкін. Алайда жанұядан жырақта, жарын, бала-шағасын айлап, жылдап көрмей жұмыс істеу, моральдік-психологиялық тұрғыдан оңайға соқпайтыны анық.

Бұрын қазақ өзге елге барып жұмыс істепті дегенді ести бермейтінбіз. Бірақ Орталық Азиядан қырғыз, өзбек, қарақалпақ халықтары Қазақстанға келіп еңбек етіп, нәпақасын тауып қайтып жататын. Бүгінде заман да, жағдай да өзгере бастады. Қазір біздің азаматтар да шетел нарығын жағалап, еңбек істеп, тіпті кейбірі кәсібін шетелде домалатып жүрген жағдайы бар. Демек, әлемнің есігі – қазақстандықтар үшін ашық деген сөз. Оның үстіне дүние жүзінде Қазақстан төлқұжаты әжептәуір абыройға ие екенін аңғартады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Халықаралық көші-қон ұйымының ресми мәліметтеріне сәйкес, шетелге еңбек миграциясына кететін Қазақстан азаматтары 2023 жылы 191 000 адамды құраған. 2024 жылы шетелге жұмыс істеу мақсатында 140 521 қазақстандық шыққан. Ал 2025 жылы шетелде еңбек істеп жүрген қазақстандықтардың жалпы саны 156 700 асып-жығылған. Биыл да бұл үдеріс азаймай тұр. Осылайша, еңбек миграциясына сұраныс бірде артып, бірде төмендеп отыр. Кейінгі үш жылда 330 мыңнан астам азаматтарымыз мигрант атанды. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының дерегінше, 377 523 шетелдік азамат біздің елдің еңбек нарығына келіп жұмыс істеп жүр. Бұл дегеніміз өз азаматтарымыз сыртта жұмыс істеп, тіпті қоныс аударып та кетіп жатыр, ал шетелдіктер біздің елдің нарығын алып жатыр дегенді білдіреді. Бұл – ойланатын-ақ өзекті дүние.

Бұл тұста Үкімет те аянып қалмапты. Отандастарымыз көп баратын Оңтүстік Корея, БАӘ, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания және Еуропа елдерімен еңбек құқықтарын қорғау туралы жаңа үкіметаралық келісімдерді заңдастыру жұмыстарын жүргізуде. Өйткені сырт жақта еңбек істеймін деп құқы тапталып, алданып, жарақат алып қалып жатқан жағдайлар жоқ емес болатын. Енді бұл мәселе де реттелмек.

Қазақстандықтардың басым бөлігі Ресейде – 128 мың, Кореяда – 15 мың, Польшада – 2 мың 600, ал Ұлыбританияда 1400-ге жуық азаматымыз жұмыс істейді. Олардың құқықтарын қорғау мақсатында бірқатар мемлекетпен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Вице-министр бұл бағыттағы жұмыс жалғасып жатқанын жеткізген еді.

– Оңтүстік Кореямен, Сауд Арабиясымен, БАӘ-мен, Словакиямен, Жапониямен, Швециямен, Италиямен, Норвегиямен, Польша, Чехия, Румыния және Финляндиямен меморандум жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан азаматтарын шетелде жұмысқа орналастырумен айналысатын жұмыспен қамту агенттіктерін реттеуге бағытталған заңнамалық түзетулер әзірленуде, – деген болатын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Ертаев.

«БӘЛЕН ЖЕРДЕ АЛТЫН БАР»

Қазақ халқының «бәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» деген тәмсілі бар. Шетелге барып, арандап қалып, бәлеге душар болып, елге орала алмай жатқандар қаншама. Әсіресе, ғаламды жайлаған пандемия кезінде жұмыс орындары жабылып, кәсіп тоқырап, біздің азаматтар елге қайта ағылды. Бірақ, одан кейін шетел нарығына қызығушылар көбейіп бара жатқанын тағы байқай бастадық. Таяу шығыстағы геоясаяси жағдай да күрделі, бұл да сол жақтардағы мигранттарымызды алаңдатпай қоймайтыны және бар. Осыған орай, шетте жұмыс істеп жүрген азаматтарымызбен тілдесіп, біраз жағдаяттарға қанық болдық.

Саматәлі Бекмұратовтың Оңтүстік Кореяға барып жұмыс істеп жүргеніне 1 жылдан асыпты. Ол күн көре алмағандықтан емес, өз жағдайын жақсарту мақсатында ғана шетел асқанын айтып, екі жақтың табысын, еңбек жағдайы туралы ой бөлісті.

– Өз басым Оңтүстік Кореяға еңбек ету үшін келдім. Аса мұқтаждықпен келдім деп айта алмаймын. Ата-анамыздан қалған үй бар-тын. Жалғыз қарындасым Оңтүстік Кореяға жұмысқа кетіп, сонда тұрмыс құрды. Мені де жанына тартып, еңбек істеуге шақырып алды. Үйімізді жалға беріп кеттік. Негізі елде бөлем екеуміз темір ұсталығымен айналысып, дарбаза жасап, есіктің алдын жауып тұратын шатыр орнатып жүруші едік. Бір түсінгенім, қай жерде де тынымсыз еңбек ету керек екен. Әлбетте, мұндағы табыс жап-жақсы. Бірақ еңбегі де оңай емес. Тамақтарына үйрене алмай, ұшынып та қалдым. Ал емделу ақылы, дәрі-дәрмек қымбат. Бауырыммен бірге тұрған соң, пәтерақыға төлемеймін. Таңның атысы, күннің батысы жұмыстамыз. Бәрі уақыт-сағатына дейін есептеулі. Кешіккенді кешірмейді. Өйткені шетелден келіп жатқан мигранттар өте көп. Көбісі балық тазалайды, құрылыста істейді, әртүрлі қара жұмыс жасайды. Сырттан келген жұмысшылардың біршамасы 5-6 жыл тұрақтап істеп, кейбірі 10 жылға дейін қалып еңбектеніп, табысын жинап, еліне қайтатын көрінеді. Әдепкіде келгенде қалуды көздегенмін. Мұнда ойлап қарасам, тыным таппау бір жақтан, қазақ болған соң ағайын-туыс, араласу, құраласу дегенді аңсайсыз. Жалпы, бойдақ кезде табысты көбірек тауып, үлкен үй салып, тәуір көлік мініп, үйленіп, рахатымызға ұмыр кешкіміз келгендіктен шетте жұмыс істеп жүрген жайымыз бар, – дейді кейіпкеріміз.

Ғазиза Абылайхан Ұлыбританияға барып жұмыс істеп, Англияда құлпынай теріп, түрлі егістік пен бау-бақша жұмыстарымен айналысқан. Орман шаруашылығын бітірген маман, магистр дәрежесін иеленсе де, осында 26 жасына дейін оңтайлы іс таппай, әртүрлі жұмыстарды істепті. Бірақ түптеп келгенде, елде жұмыс істегенге ештеңе жетпейді деп санайды.

– Әр адам өзінің тұрмыстық жағдайын түзегісі келеді. Сол мақсатпен елордада 5-6 жыл бойы кондитер, кассир, сылақшы сияқты жұмыстар істеп жүрдім. Айлық жалақы – 200-250 теңге көлемі. Ал пәтерақы, құрбы-қыздармен жалдап тұрғанның өзінде айлықтың 3/1 алады. Қосымша жұмысты да қатар алып көрдік. Бірақ 12 сағаттық жұмысты, 2/2 күнтізбемен істесеңіз, артық қимылдауға үлгермей, әліңіз қалмай қалады. Англияға құлпынай теруге барып, 6 ай еңбектеніп келдік. Әйткенмен шетелде жұмысқа орналастырып, апарып-әкелетін ортадағы делдалға қаражаттың біразы кетеді екен. Жасыратын несі бар, осы аралықта 1,8 млн теңге жинап келдім. Екінші рет баруға алмады. Өйткені шетелге ағылған қазақ мигранттары көп сияқты. Қазір 2 бөлмелі үй алуға ниеттеніп, қайтадан тәтті-дәмділер пісіретін жұмысыма оралдым. Жалақысы да бұрынғыдан көтеріліпті. Бұйырса, алда кондитерлік дүкен ашуды діттеп отырмын. Шетелге ұзақ мерзімге, сенімді жерге бармасаңыз, пайдасы шамалы, – дейді ол.

«АРҚА ЖАЙЛЫ БОЛСА»...

Үкімет дереккөздеріне сүйенсек, ел экономикасы өсіп 300 млрд долларға жетті. Республика экономикасының әртүрлі салаларында 9 миллион 392 мың адам жұмыспен қамтылған. Оның 77,6%-ы (7,2 млн) жалдамалы қызметкерлер болса, 22,4%-ы (2,1 млн) – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар екен. Яғни, елдің еңбек нарығында да, істеймін, жасаймын деген жан жол тауып, еңбек етуіне бізде де мүмкіндік бар.

Парламент Мәжілісінің депутаты Анас Баққожаев шетелге барып жұмыс істеймін десе, ешкімнің қолын қақпайық деген пайымда.

– Жалпы қазір заман дамып жатыр. Әлемге жол ашық. Кім, қайда барам десе де өз еркі. Жастар шетел көргісі келеді. Шет елге барғаны бір жағынан өздеріне де пайда. Екі жақтағы жағдайды салыстырып, артықшылық пен кемшілікті байқайды. Елге оралғанда өзгертуге, дамытуға тырысады. Сондықтан жастардың шетелге шығуына шектеу қойып қажет емес. Елді мекендерде жұмыс табу қиын екені рас. Кей шаруалар жоғары жалақы қоя алмауы мүмкін. Соған сай бізге де мигранттар келіп істейді. Еңбек нарығында ашық бәсекелестік болуы керек, – дейді мәжілісмен.

Аталған мәселе төңірегінде Еуразиялық франчайзинг қауымдастығының президенті, қаржыгер Бекнұр Қисықов та өз пайымын білдірген еді.

– Иә, әлем ашық екені рас. Алайда өзіміздің қаракөздер шетелге жайдан-жай кетіп жатқан жоқ. Англия, Оңтүстік Корея, арысы АҚШ-та 1-1,5 млн теңге жалақы төлейді. Шыны керек, біз ол деңгейге әлі жетпедік қой. Бізде курьер болып жүрген жастар тоқтамай істегеннің өзінде 500-600 мың теңгені әзер табады. Бұл арада бірнеше мәселе бар. Шетелге жұмыс істеймін, кетемін дегендердің жолын бөгей алмаспыз. Бірақ та қазақ жастары шетелге барып, шетелдіктерге үйленіп, сол елдің мүддесіне жұмыс істеу, біз үшін қандай опа әпермек?! Ал қазақ жастарының орнын шетелдіктер басып, біздің еңбек нарығын алып алмауын да ойлайық. Біздің жұмыспен қамту, ауылды қолдау, өндірісті дамыту, инвестиция тарту бағдарламалары керемет. Әйткенмен орындалу жағына келгенде кемшін тартады. Соның үшін де, қолданыстағы бағдарламаның орындалуын қадағалайық. Өңірлерді дамытуды мықтап қолға алайық. Бұл – ұлттық мүддені ойлап, іске асырылатын шаруа, – дейді сарапшы.

«ЕКІ ҚОЛҒА БІР КҮРЕК»

Біздің елде «екі қолға бір күрек» табылады. Себебі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстандағы орташа айлық еңбекақысы 473 158 теңгені құрайды. Мемлекет те орташа жалақыны 150 мың теңгеге дейін көтеру көзделуде. Бұл да өз кезегінде халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған істер болар.

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ МЕН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНКТІҢ РЕСМИ МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША, ШЕТЕЛДЕ ЖҮРГЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫНАН ЕЛГЕ ЖЫЛЫНА ОРТА ЕСЕППЕН 400 МИЛЛИОННАН 440 МИЛЛИОН АҚШ ДОЛЛАРЫНА ЖУЫҚ (ШАМАМЕН 200-230 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ) ҚАРАЖАТ АУДАРЫЛАДЫ

Қазақстан Ұлттық банкі мен Дүниежүзілік банктің ресми мәліметтері бойынша, шетелде жүрген қазақстандық еңбек мигранттарынан елге жылына орта есеппен 400 миллионнан 440 миллион АҚШ долларына жуық (шамамен 200-230 миллиард теңге) қаражат аударылады. Демек, біздің елге әжептәуір қаражат түсіп жатыр. Sana business-тің негізін қалаушы белгілі экономист Мақсат Халық халықтың нақты табысын арттыруға күш салсақ, еңбек нарығы реттеліп, азаматтарымыздың сыртқа ағылуы біршама азаяды деп пайымдайды.

– Ел экономикасы 300 млрд доллардан астам табысқа қол жеткізді. ЖІӨ көрсеткіштері негізінде 50 елдің қатарына ендік. Ең төменгі жалақыны 150 мың теңгеге көтерілмек. Орташа медиандық жалақы – 300 мың теңгенің үсті. Яки, осының 3/1 төменгі күнкөріс шегіне есептелу керек. Өйткені жыл сайын нарыққа 300-400 мың жастар қосылуда. Олардың бәрін еңбекпен, баспанамен қамтып межесі тұр. Азық-түлік бағасын, үйдің құнын тұрақтандырмай іс өнбейді. Бізге жаңа жұмыс орындарын ашу керек. Зауыт, фабрикаларды көптеп салып, өңдеуші өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, құрылысқа, туризмге көбірек күш салу қажет. Елдегі кәсіпкерлікті дамытып, шағын және орта бизнестің кең өрістер алатындай жағдай жасау керек. Сонда ауылдағы халық қалаға ағылмайды. Жастар шетелге барып, мигрант атанбайды. Еңбек ресурстарын тиімді пайдалану үшін жаңадан ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық бағдарлама қабылдау аса қажет болып тұр, – деп есептейді экономист.

ӨЗІМІЗДЕ ӨНДІРІС КӨБЕЙСЕ...

Елде ауыл шаруашылығын дамыту қажеттігін қоғам да, агро сарапшыларда ұдайы айтып келеді. Қазақтың тұрмысында егін егу, мал ұстау ата кәсіпке баланады. Сондықтан қазақтың бейіміне қарай кәсіп ашып, еңбек істесе, шетел асқан мигранттар мәселесі өздігінен шешілетін көрінеді. Бұл арада Қазақ ақбас тұқымының қауымдастығы мүшесі, аграрлық салада ой айтып жүрген маман Қуаныш Серғазыұлы өзінің пайымын былайша білдірген-тұғын.

– Біз әу бастан төрт түлікке жақынбыз. Арпа, бидай, күріш егіп те дағдыланып қалдық. Егіншілер 6 ай еңбек етіп, қамба толғанша тынбайды. Ал одан кейінгі мезгілде тапқан табысын жаратып жатады. Шын мәнінде АҚШ, Аустралия сияқты дамыған елдерде жыл он екі ай жұрт еңбектене береді. Біз де сөйтсек болар еді. Мәселен, егінмен айналысса, жем-шөп дайындайтын цех құрылады. Олар мал шаруашылығында сеп болады. Қалалардың маңында ет комбинаты, сүт фермасы көптеп салынса, құба-құп болар еді. Одан кейін консерві, ұн-макарон өнімдерін өндейтін кәсіпорындарды көптеп салсақ, отандық өнімнің бәсі артады. Сондай-ақ ауылдың жастарына мүмкіндік туады. Егер олай етпесек, Астана, Алматы, Шымкент сияқты қалалар тым үлкейіп, жұмыссыздар қаптайды ғой. Сол себепті елді мекендерде шағын және орта кәсіпке көбірек қолдау жасайық. Сонда ғана біздің азаматтар шетелге ағылып, өзге жұртта еңбек істеп, отбасы, бала-шағасынан жырақтамайды, – дейді агро сарапшы.

Тоқетері, әлемдік тәжірибеде сыртқа босатындардың көбісін бағамдасаңыз, өз елдеріндегі тыныштықтан, еңбек орындарының аздығынан, жерінің тарлығынан сыймай батыс елдерін сағалайды. Ал біздің жағдай өзгешелеу. Біздікілер тұрмысын түзеуді көздеп, бала-шағасына тәуір жағдай қалыптастыру үшін шетелге барып, еңбектеніп жатқаны анық. Соның ішінде қаншама қазақ қызы шетелге тұрмысқа шығып, жігіттеріміз шетелдің қыздарына үйленіп, көшіп кетіп жатқаны да жасырын емес-ті. Ал кеткендердің орнын өзге жақтан келген имигранттар толтырып жатқаны тағы бар. Осының бәрін егжей-тегжейлі ойлап, ұлттық мүдде тұрғысынан оң шешім шығаратын кез келгендей.

№58 (4956) 19/05/2026 Сейсенбі

«Тілін білім билегендер білікті».
Жүсіп БАЛАСАҒҰН



ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Мемлекет және қоғам қайраткері, Ресей және Қазақстан Халықаралық жоғары мектеп ғылым академияларының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әділ Ахметтің көпжылдық еңбегі нәтижесінде жинақталған ғылыми мұрасы: ғылыми-зерттеу еңбектері, ғылыми-танымдық кітаптары мен қолжазбалары, ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударған әлем әдебиетінің інжу-маржандары мен әлемдік саяси ақыл-ой мұрасы, тарихи тағылымдық мақалалары – ғылым тарихындағы баға жетпес рухани және интеллектуалдық байлық.

Мемлекеттік және қоғамдық қызметті ғылыммен ұштастырып, ұлт рухын ұлықтаған ұстаз Әділ Ахмет 1973 жылы «Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер» тақырыбында филология ғылымы кандидаты дәрежесін алуға арналған диссертация, ал 1991 жылы «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» (салыстырмалы этно-лингвистикалық зерделеу) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Әлемдік білім қорына қосылған іргелі ғылыми-зерттеу еңбектері – қазақ ғылымының ғана емес, әлемдік ғылымның кемелденуінің айғағы.

Адамзат дамуының жаһандық мәселелерін, табиғат пен қоғам заңдылықтарын қамтитын ғылыми-танымдық, қоғамдық-саяси, тарихи-тағлымдық еңбектері – автордың, Әділ Ахметтің, энциклопедиялық білім иесі екендігінің айғағы.

«Түркі әлемінің ырым-тыйымдары». Автордың ғылыми-зерттеу еңбектерінде Азияның қиыр солтүстік шығысындағы якут-сахалардан бастап, Еуропадағы гагауыздарға дейінгі аралықта мекендейтін қырыққа тарта түркі халықтарының ырым-тыйымдары талданған және жүйеленген. Мәселен, «қызға қырық үйден тыйым» немесе «қыздың жолы жіңішке» деген нақылдар бүгінгі қыздың ертең бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін ана болатынын, сондықтан да қыз баланың қоғамда қалыптасқан салт-дәстүрлерге сәйкес, тәлімді де тәрбиелі болып өсуге міндетті екенін меңзеп тұр. Бұл нақылдардың өзегінде тыйымға негізделген тәлім-тәрбиелік мәні бар әрі кез келген қоғамға ауадай қажет этикалық нормалар мен рәсімдер, сондай-ақ реттеуші немесе бағыттаушы қағидалар мен тағылымды құндылықтар жатыр.

Американдық «үндістердің» түркі халықтарымен туыстығы. Автор ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеулерімен қатар, өзге ғалымдардың қол жеткізген лингвистикалық және генетикалық дәйектері мен дереккөздері о баста Азиядан Америкаға келіп қоныстанушылардың тілінің болғанын да және ол тілдің алтай тобындағы түрік тілімен байланысының бар екенін де толық дәлелдейді.

2008 жылы Париждегі ЮНЕСКО-ның бас ғимаратында болған «Халықтардың алғашқы ұлы көші» («First Great Migrations of Peoples») атты бірінші халықаралық форумға әлемнің жүзден аса кәсіби археолог, биоархеолог, палеоантрополог, микробиолог, генетик, географ және лингвист ғалымдарымен қатар, радиометрикалық зерттеу орталықтарының белгілі мамандарымен бірге Қазақстаннан ғалым Әділ Ахмет те қатысып, дәлелді айғақтарға, нақты дәйектерге негізделген «Байырғы американдық «үндістердің» Азиядан қоныс аударуы және олардың алтайлық тегі» атты ғылыми баяндама жасаған. Бұл – іргелі ғылыми еңбектерінің іргетасы еді.

«Америка құрлықтарында адам баласы қай заманда және қалай пайда болған?» антропогенездік сыр-жұмбақтың жауабын табуға жұмыла кіріскен Колумб дәуірінен бастап, күні бүгінге дейінгі күллі әлем ғалымдарының легінде ғұмырын ғылымға арнаған Қазақстан ғалымы Әділ Ахмет те бар. 1989 жылдан бастап осы ғылыми мәселемен түбегейлі шұғылданып, ғұмырын ғылымға арнаған ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектерінің нәтижесі: «Американдық «үндістердің» алтайлық тегі» (2011), «Код Евразии. На пороге пятой цивилизации», «Еуразия коды. Бесінші өркениет қарсаңында» (орыс, қазақ, поляк тілдерінде, 2011, 2012, 2013) «Азия – Америка – Берингия немесе американдық ‘үндістердің’ азиялық тегі», «Колумб дәуірінен бұрынғы американдық «үндістердің» алтайлық тегі», 2021 және т.б.

Ғалым ғылыми еңбектерді сараптай келе, Азиядан Америкаға адам баласының қоныс аударуы дүркін-дүркін болғандығын, яғни, бірінші рет 40-35 мың жыл бұрын, екінші рет 28-25 мың жыл бұрын және үшінші рет 14 немесе 10 мың жылдар бұрын келіп қоныстанғанын аңғаруға болады. Демек, американдықтардың о баста Азиядан келгені дау туғызбайтын шындық десек, артық айтқандық болмайды. Өйткені археология ғылымының қол жеткізген жоғарыдағы табыстары осыны толық дәлелдейді.

«Ғасыр ғибраты» кітабындағы «Байырғы американдық «үндістердің» түпкі тегі антропогенездік ғылымдар тоғысында» тақырыбында: «АҚШ-тың Нью-Мексико штатына қарасты Кловис қаласының маңынан табылған мұз дәуіріне тән бір жарым жасар ер баланың геномына ДНК – генеалогиялық технологиямен өте мұқият жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғалымдарға Солтүстік Американың байырғы тұрғындарының түпкі тегінің Еуропадан емес, тікелей Азиядан тарағанын бұлтартпас дәйектермен дәлелдеп бергенін айту парыз.

***

Әділ Құрманжанұлы табиғаты таңғажайып, таулы өлкеде, Хантәңірі шыңының етегіндегі елді мекен Нарынқол ауылында Құрманжан әулетінде 1941 жылы 23 мамырда дүниеге келген. Бұл – екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезең еді...

Нарынқол ауданы орталығындағы орта мектепте (1948 -1958) білім алған Әділ Құрманжанұлы: «Бағымызға орай, аудан орталығындағы орта мектепте ұстаздық ететін мұғалімдер өте білімді болатын. Әсіресе қазақ тілінен сабақ беретін Зақан апамыз өз мамандығының нағыз шебері-тін» деп балалық шағының бағбандарын еске алады.

Орта мектепті бітірген Әділ Құрманжанұлы Алматы қаласындағы Алматы шет тілдері институтының (қазіргі Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті) ағылшын тілі факультетінде (1958-1963) білім алады.

Бекзат болмысы (тұлғалық), өмірлік көзқарасы ерекше жас маман Әділ Құрманжанұлы еңбек жолын өзі білім алған жоғары оқу орны: Алматы шет тілдері институтында оқытушылық қызметінен бастайды (1963).

1963-1990 жылдар аралығында Алматы шет тілдері институтында оқытушы, аға оқытушы, ағылшын тілі факультеті деканының орынбасары, факультет деканы, институттың оқу істері жөніндегі проректоры қызметтерін атқарған Әділ Құрманжанұлы 1992 жылы Алматы шет тілдері институтының ректоры болып тағайындалады.

1997-1999 жылдары Қазақстан Республикасы Білім, Мәдениет және Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Білім комитетінің төрағасы, ал 1999 жылы Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ректоры, 1999-2000 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші вице-министрі қызметтерін атқарған Әділ Құрманжанұлы – халық мүддесін қорғау және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында үлкен жауапкершілікпен қызмет еткен саясаткер, әрі Халықаралық қатынастарда өз мемлекетінің мүддесін қорғай білген, шет елдермен, халықаралық ұйымдармен ресми байланыс орнатып, саяси, экономикалық байланыстарды нығайтуда зор еңбек сіңірген дипломат.

2000-2001 жылдары Қазақстан Республикасының Ұлыбританиядағы және Ирландия Республикасы мен Норвегия Корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарған Әділ Құрманжанұлы Ахмет егеменді ел дипломатиясының алғашқы қалыптасу кезеңінде кәсіби біліктілігімен санаулы дипломаттар қатарынан табылғаны – тарихи шындық.

2001-2004 жылдары Қазақстан – Британ техникалық университетінің (ҚБТУ) ректоры, ал 2004-2007 жылдары ҚБТУ-дың Халықаралық қатынастары жөніндегі проректоры қызметтерін атқарған Әділ Ахметтің шәкірттері білім беру, аударма және лингвистика, бизнес және халықаралық қатынастар, медиа және коммуникация, мемлекеттік қызмет, ғылым саласы, туристік агенттер, IT және техникалық сала, сондай-ақ қазақстандық дипломаттардың, оның ішінде елшілердің, тұтас шоғырына айналды.

2007-2013 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комитетінің хатшысы әрі 2009-2013 жылдар аралығында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) Іс басындағы төрағасының Мұсылмандарды кемсіту және шеттетумен күрес жөніндегі жеке уәкілі қызметтерін атқаруы Әділ Ахметтің жаһандық саясат, экономика, дипломатия және халықаралық құқық салаларын терең меңгергендігі, шет тілдерін жетік білетін сарапшының кәсіби шеберлігі, қаламының қарымдылығы, қоғамдық құбылыстарға деген көзқарасының айқындылығы, ұлтына деген өлшеусіз сезімі мен сенімі.

Әділ Ахмет – аударматану ғылымының теориялық мәселелері мен тәсілдерін, аудармаға және аудармашыға қойылатын талаптарды, терминдердің аударылуы сияқты келелі мәселелерді терең меңгерген майталман маман, тәжірибелі аудармашы.

Қазақ халқының асыл қасиеттерін бойына жинаған, ұлттық құндылықтардан нәр алған, ана тіліне уызы қанған, орыс тілі мен ағылшын тілін үйрену арқылы әлемдік ғылымның төріне шыққан оқымысты ғалым Әділ Ахметтің ғибратты ғұмыры – ұрпаққа үлгі-өнеге.


Райхан МӘЖЕНҚЫЗЫ,
халықаралық
«Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты

СУРЕТСӨЗ

ҚАЛАМГЕРІ ҚАЗАҚТЫҢ, ҚАЙРАТКЕРІ ЯКУТТЫҢ!

(Достық дәнекері)

Қазақтың Қалаубек Тұрсынқұлов деген қарымды қаламгері болды. Көркем прозаға да, деректі дүниеге де молынан олжа салды. Тартымды жазатын. Жазғанын жұрт іздеп жүріп оқитын. Мінезі де жұртқа жайлы еді. Абырой-беделі ешкімнен кем емес-ті. Өзі Оңтүстіктің оғыланы. Қазығұрттың қыраны. Бірақ көршілес Қызылорданың педагогикалық институтында оқып, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алған. Сөйте тұра барлық шығармасын қазақ тілінде жазды. Әсіресе деректі прозаны жоғары деңгейге көтерді.



Әдетте жазушы атаулы партия және кеңес құрылысы жұмыстарына жолай бермейді. Ал комсомол қызметіне жегілген қаламгерді шам алып іздесең де таппайсың. Тапсаң да бірен-сараны ғана шығып қалар. Ал шынайы шығармаларымен көптің қалаулысына айналған Қалаубек аға сол комсомолының отымен кіріп, күлімен шықты. Бұл салада бірден биіктемей, сабыр сақтап, сатылап өсті. Әуелі ауданның жастар ұйымын басқарды. Бойы сырықтай, қаламы құрықтай бірінші хатшы болды. Одан соң Оңтүстік Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің хатшысы, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы боп тағайындалды. Өлке дегеніңіз бірнеше облысты біріктіретін құрылым екенін аңғарсаңыз, Қалекемнің қандай қызметке келгенін пайымдай беріңіз.

Оның комсомолдағы карьерасы мұнымен де шектелмеді. Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің хатшысы деген лауазымға дейін жетті. Осы салада жүргенде Өзбекәлі Жәнібеков екеуі Шымкентте Ғани Мұратбаев ескерткішін қалай орнатқаны жөнінде кейіннен қызықты естелік жазды. Ол кезде кадрлар қатаң тәртіппен іріктелетінін ескерсек, Тұрсынқұловтың тұлғалы басшы болғанына күмән келтіре алмайсыз.

Қалаубек аға Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі комитет төрағасының орынбасары, Жазушылар одағы басқармасының хатшысы міндеттерін де мінсіз атқарды. Мұндай қызметті де бейімі бар адам мойнына алады. Бұл жағынан Қалекең жаман атқа қалмады. Ел-жұртқа қайыры мол болды. Жас буынға қамқорлық көрсетті. Жас жазушыларды үнемі қолдап жүрді. Інілерді ізіне ерте білетін, алды ақ жайлау аға болғанына дау жоқ. Ол туралы ылғи да жақсы пікір айтылды. Жұмыс барысында Қалаубектен зәбір көрдік дегенді есті қоймаппыз.

Қызметтегі өсу-өну жолдары Қалекеңнің шығармашылығына селкеу түсіре қоймағаны анық. Ол бәріне де үлгерді. Өзі тиянақты болған соң жазған-сызғандарына да ұқыптылық дарыды. Әр сөйлемін оқылымды етіп өрнектеп түсірді. Елді елең еткізетін деректер мен дәйектерді көп ұсынды. «Алысқа тартқан жол», «Хал қалай, жолдас хатшы», «Анды-Қарағыз», «Арман азабы», «Есіңде ме сол бір кез», «Олар оралған жоқ», «Поляр шеңберінің маңында», «Сардана мен қызғалдақ» атты туындылары сол дәуірде жаппай оқылды. Яғни, ол оқырманын тапқан жазушы болды. Әсіресе «Кәпірзада оқиғасы» деген пьесасына жұрттың қызығушылығы айрықша болғаны есімізде.

Ол – Саха елімен мәдени-рухани байланысты дамытуға өлшеусіз үлес қосқан қаламгер. Осы халыққа бірқатар шығармасын арнады. Екі ұлт арасындағы барыс-келістің өркендеуіне зор еңбек сіңірді. Якут жазушыларының туындыларын қазақ тіліне аударуға мұрындық болды. Мұндай көл-көсір қамқорлыққа жүдә ризалық танытқан якуттар да қарап қалған жоқ. Қалекемнен бар марапатын аямады. Саха елінің қайраткері деп мөр басып, куәлік жазып, атақ берді. Мемлекеттік сыйлығына лайық деп тапты. Сол тұста ғой жыр жүйрігі Жарасқан ағамның Қалекеңе арнап «Қаламгері қазақтың, Қайраткері якуттың» деп эпиграмма жазатыны. Бәрібір Қалаубек ағаның өз елінің де, өзге елдің де қарымды қайраткері болғаны айдан анық-ты.

* * *

Майталман фототілші Шүкір Шахай түсірген мына суретте Қалаубек ағамның бар болмыс-бітімі көрініс тапқан. Рухы шат болсын!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

№58 (4956) 19/05/2026 Сейсенбі

ӘДЕБИЕТТІҢ ӨНЕРГЕ ӘСЕРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Әдебиеттің ой-сананы өсірумен қатар эстетикалық тәрбие беру қасиеті бар және өнермен де қабысатын кездері көп. Мәселен, «Астана Опера» театрын алайық. Аталмыш өнер ошағының 90 пайызының негізінде әдеби туындылар жатыр.



Көрермен «Астана Опера» сахнасында Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсын тыңдаған кезде әсем ариялардан ләззат алумен қатар Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының тарауларын ашады. Либретто кітаптың мазмұнын қайталап айтып бермесе де, оның ішкі иірімдеріне бойлатады. Абай әлемін көрсететін кітапхана сахнасының өзі неге тұрады? Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы да дәл солай. Қазақ халық поэмасы театрда Ғабит Мүсіреповтің либреттосы негізінде дайындалды.

«Астана Опера» ұлттық классикамен ғана шектелмейді. Дж.Пуччинидің «Мадам Баттерфляй» операсын алып көрейік. Чио-Чио-санның жан тебірентерлік хикаясының артында Дэвид Беласконың «Гейша» драмасы жатыр. Оны либреттошылар Луиджи Иллика мен Джузеппе Джакоза опера мәтініне айналдырды. Ал танымал «Севиль шаштаразы» – шын мәнінде Пьер Бомаршенің комедиясы. Тек мұнда кейіпкерлер Дж.Россини музыкасының тілінде үн қатады. Чезаре Стербинидің либреттосы түпнұсқаны сақтады. Сондықтан бүгінде көрермендер Фигаронның қылықтарына күле отырып, бір уақытта композитор мен XVIII ғасырдағы француз драматургіне қол соғады. Ал Дж.Пуччинидің «Турандот» операсы либреттосының негізінде XII ғасырдағы парсы поэзиясының классигі Низамидің поэмасы жатыр. Бұл поэма XVIII ғасырдағы парсы ертегілерінің еуропалық жинақтарына енгізілген еді. Италиялық драматург Карло Гоцци оны өзінің «театрға арналған ертегілер» жанры үшін осы жинақтан алған.

Театрдың балеттік репертуары да сүйікті кітаптардың жанды сипаттамасы іспетті. Юрий Григоровичтің хореографиясындағы көпшілік жақсы көретін «Щелкунчик» спектаклі көрермендерді Эрнст Теодор Амадей Гофманның көңілсіз әрі ғажайып хикаясына жетелейді. Онсыз қарапайым ойыншықтың Тышқандар патшасын қалайша жеңе алатынын түсіну мүмкін емес. Ал сахнада Ролан Петидің хореографиясындағы «Париж Құдай анасының соборы» жүретін кезде көрермен Виктор Гюго романынан Эсмеральданың танымал билері, собор қабырғасындағы хикаяның аяқталуы сынды көріністерді таниды.

Тіпті, «Астана Операның» балаларға арналған репертуары да кітаптардың айналасында құрылады. Цезарь Кюидің «Етік киген мысық» опера-ертегісі (Марина Польдің либреттосы) – Шарль Перроның, ал Дюла Харангозоның «Ақшақар мен жеті ергежейлі» балеті – ағайынды Гриммдердің нақ өзі. Осылайша театр жас көрерменді кішкентай кезінен бастап кітап пен спектакльге жетелейді.

«Астана Опера» әртістері кез келген рөлге дайындалу барысында ең алдымен қолға әдеби дереккөзді алады. Онсыз кейіпкердің мінезін, автордың интонациясын түсіну мүмкін емес. Жизельді орындайтын балерина елес қыздар жайлы аңызды оқыса, Виолеттаның партиясын дайындап жатқан опера солисі Александр Дюманың «Камелия ұстаған ханым» романын қайта ашады.

Біз әртістерден бос уақытында нені оқитынын сұрап көрдік. Олардың жауаптары әртүрлі болып шықты. Көбісі Абайдың Қара сөздерін, қазақ поэзиясын сүйіп оқиды, енді біреулері детектив жанрын құп көреді, ал басқалары философиялық әрі психологиялық кітаптарды оқумен шұғылданады. Кейбіреулері кәсіби біліктіліктерін шыңдау үшін арнайы бағыттағы әдебиеттерді оқиды. Өйткені «Астана Операдағы» жұмыс – бұл үздіксіз білім алу процесі іспетті.

«Джузеппе Вальденгоның «Мен Тосканинимен ән айттым» атты еңбегіне тоқтала кетейін, бұл – мансабыммен тікелей байланысты болған алғашқы кітап. Мен одан өзіме керекті көптеген пайдалы дүниені таптым. Сахнада өзімді қалай ұстау керегін, дауысым залға жақсырақ естілуі үшін қай жерде тұру керектігін және осы секілді басқа да қажетті кеңестерді алдым» дейді «Астана Опера» әншісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Расул Жармағамбетов.

Оның әріптесі, «Астана Опера» симфониялық оркестрі фагот тобының концертмейстері Әсет Нелдібаев Астрид Линдгреннің «Балақай мен Карлсон» ертегісін бала кезінен қатты жақсы көрген.

«Мультфильм түсірілген қысқа нұсқасын емес, толық әрі үлкен трилогияны оқитынмын. Бұл мен үшін нағыз жаңалық болды. Осы ертегі өмір бойы менің жадымда сақталып қалды. Есейе келе, әсіресе көне, классикалық детективтерді ұната бастадым. Солардың ішінде Агата Кристидің еңбектері ерекше орын алады. Мен оның романдарын қайта-қайта оқимын, сонда да олар мені еш жалықтырмайды. Александр Дюманың шығармалары да мен үшін сондай. Әрине, ол «Үш нояннан» басталған. Қазіргі заманғы жазушылардың ішінде маған Бернар Вербер қатты ұнады. Оған кездейсоқ тап болдым. Біреу маған «Перштелер империясы» кітапшасын қалдырып кетіпті. Сөйтіп оны бір кеште оқып шықтым. Тіпті түні бойы оқыған шығармын. Десе де, өзімді осы жанрдың жанкүйерімін деп айта алмаймын. Кейін Вербердің «Құмырсқалар», «Құмырсқалар революциясы» барын білдім. Мұның бәрі – сондай жұмбақ әрі философиялық әдебиет. Біртүрлі болып көрінгенімен, өте қызықты. Ал жалпы, жаныма жақын әдебиетті таңдайтын болсам, детективтер мен тарихи кітаптарға тоқталар едім» дейді музыкант.

ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

ҚАҺАРМАН ХИУАЗ

Мамыр айы штурман-ұшқыш, Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанованың тағдырында ерекше орын алады. Батыр қыз осы айда дүниеге келді. Көктемнің дәл осы жаймашуақ кезеңінде өмірден өтті.



Екінші дүниежүзілік соғыстағы ерлігі бертінге дейін бағаланбай келсе де, бүгінде Атырау халықаралық әуежайы оның атында. Әуе қақпасының қарсы алдында ескерткіші бой көтерді. Air Astana әуе компаниясының Embraer 190 ұшағы оның атымен аталады. Қаһарман қыз жайында спектакльдер қойылып, кітаптар жарық көрді. Атырау, Ақтөбе, Орал қалаларындағы мектептерге, Атыраудағы мұз сарайына, еліміздің бірқатар шаһарларындағы көшелерге есімі берілді. Елордада да Хиуаз Доспанова көшесі бар.

Бас қалада батыр қыз атындағы көше осыдан бес жыл бұрын пайда болды. Бұрын жобалық атауы №23-30 көшеге оның аты қойылды. Сарайшық ауданында орналасқан, Темірбек Жүргенов және Қордай көшелерімен қиылысатын бұл көшенің жалпы ұзындығы – 500-600 метр шамасында.

Атырау облысында туған Хиуаз Доспанова Орал қаласында орта мектепте оқығанында-ақ сол шаһардағы аэроклубта ұшқыштар дайындайтын курсқа қатысты. Нәтижесінде мектепті үздік аяқтағаны туралы аттестатпен бірге «Запастағы ұшқыш» куәлігін қоса алып шықты. Содан соң арман арқалап, Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына түспек ниетпен Мәскеуге аттанады. Алайда ондағылар академияға тек ерлер ғана қабылданады деген желеумен қазақ даласынан келген қыздың құжаттарын қабылдамай қояды. Өжет қыз сонда да кері қайтпай, Мәскеудің бірінші медициналық институтына емтихан тапсырмай-ақ оқуға түседі. Бұл жерде оның орта мектепті «Алтын медальмен» бітіргені ескерілген.

Соғыс өрті бұрқ ете қалғанда майданға өз еркімен сұранады. Сондағы ойы –медбике немесе санитар болу. Бірақ атақты ұшқыш Марина Расковаңың қыз-келіншектерден құралған авиаполк жасақтап жатқанын естіп, соған жазылады. Штурмандар тобына қабылданып, Саратов облысының Энгельс қаласында ұшқыштардың жеделдетілген курстарынан өтеді. 1942 жылдың көктемінде майданға аттанады. 588-гвардиялық авиациялық полк құрамында аспанда жасын ойнатады. Бұл полк кейіннен Таман түбегін, Феодосия қаласын жаудан азат етіп, Кезлин шаһарын басып алады. Осы ерліктері үшін полкке «Қызыл ту» және III дәрежелі Суворов ордені беріліп, 46-гвардиялық полк атауын иеленеді.

Әрине, бұл ерліктердің бәріне Хиуаз Доспановаңың қосқан үлесі зор. Оның полкі Солтүстік Кавказ, Қырым, Кубань, Украина, Беларусь, Польша, Германия аспанындағы шайқастарға қатысты. Фашистер түн үшінде ұшып келіп, жауды талқандайтын бұл полкті «Түнгі мыстандар» деп атап кетті. Қазақ қызының өзі қан майданда 300-ден аса жауынгерлік операция орындады. Төрт рет ауыр жараланса да, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған. Хиуаз шебер штурман болды. Кеңес Одағының Батыры Марина Чечнева Хиуаздың шеберлігі жайлы кейіннен «Хиуаз Доспанова ұшағын нысанаға ылғи да дәл апаратын және өз аэродромына да сондай дәлдікпен қайта оралатын» деп жазды.

Хиуаз Доспанова I және II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» орденмедальдармен марапатталды.

Жеңісті Берлиннің түбінде қарсы алған қаһарман қыз гвардия аға лейтенанты атағына дейін жетті. Соғыстан оралған соң медицина институтында оқуын жалғастырам деп жоспарлаған еді. Бірақ Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мінайдар Салин оны партиялық-саяси қызметке шақырды. Бұл ұсынысты қабылдаған Хиуаз Доспанова облыстық партия комитетіне нұсқаушы болып орналасты. Бір жылдан кейін Алматыдағы жоғарғы партия мектебіне аттанды. Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің хатшысы, Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы болды. Қаз КСР Жоғарғы кеңесіне депутат болып сайланды. Хиуаз Доспанова «Абай» операсы мен «Шоқан Уәлиханов» драмасын сахналауға, «Медеу» спорт кешенін салуға және Алматыдағы көптеген тарихи маңызы бар еңселі ғимараттардың құрылысына үлес қосты. Бірақ соғыста алған жарақаттары мен контузиядан кейін денсаулығы жиі сыр бере бастады. Сондықтан зейнетке қырық жасына жетпей, 1959 жылы шығуға мәжбүр болды.

Хиуаз Доспанова туралы ең алғашқы болып әскери журналист, ақын Сағынғали Сейітов жазды. Қазақстанның Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың Хиуаз туралы жазбасында «Ұлы Отан соғысында Талғат Бигелдинов жау тылына – 305, Леонид Беда – 211, Сергей Луганский 390 рет ұшып, жауынгерлік тапсырманы орындап, үшеуі де екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олар қуаты күшті ұшақтарды басқарды. Жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағының жау ұшағымен шайқасар қуаты жоқ...» деп жаза келе, Хиуаз Доспанова шағын ғана фанера ұшақпен 300-ден астам рет әуеге көтеріліп, жауға ойсырата соққы бергенін айтып, қанатты қыздың ерлігі соғыс жылдарында бағаланбаса да, бейбіт өмірде бағалануы тиіс деп өз ойын ашық жазды.

Хиуаз Доспановаңың ерлігінің насихатталуына, есімінің нысандарға берілуіне атыраулық журналист Тұрсын Қалимова көп үлес қосты. Бұған қоса, «Хиуаз» және журналист, ақын Серікбол Хасанмен бірге балаларға арналған «Хиуаз Доспанова кім?» кітаптарын жазып шығарды. Балалар демекші, ақын Әлия Дәулетбаева, айтыскер ақын Мейірбек Сұлтанхан перзенттеріне Хиуаз есімін берді. Жуырда батыр қыз туған Атырау облысы Құрманғазы ауданындағы оның атындағы ауылда шағын музейі ашылды. Бұл – қаһарман қыздың ерлігі елдің есінде екенін және ешқашан ұмытылмайтынын білдіреді.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

№58 (4956) 19/05/2026 Сейсенбі

ЖАМБЫЛ ФЕСТИВАЛІНЕН – БАС ЖҮЛДЕ

Алматы облысында Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы мен Халықаралық музейлер күніне орай өткен «Мәңгілік тұлғалар» II халықаралық музейлер фестивалінде Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен музейлер дирекциясына қарасты Сәкен Сейфуллин музейі бас жүлдені иеленді.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Музей Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау, ұлттық тарихи-мәдени мұраны сақтау және музей ісін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатыр.

Жамбыл мен Сәкеннің байланысына келсек, Сәкен жыр алыбымен бірнеше рет кездесіп, оның насихатына үлкен үлес қосты. Өткен ғасырдың 20-жылдары мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов арқылы Жамбылды ауылына іздеп барып, шығармашылығына қызығушылық танытты. Шамғали Сарыбаевтың «Терме» жинағынан да Жамбылдың жырларын оқып, ол туралы мәлімет алды. Сәкен халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтағаны белгілі. Мәселен, 1931 жылы шыққан «Қазақтың ескі әдебиеті нұсқалары» жинағына жыл алыбының бір топ өлеңін енгізді. Соның ішінде «Жабай батыр» дастаны мен Құлмамбетпен Жамбылдың айтысы бар.

Сәкен Сейфуллиннің «Көптомдық шығармалар жинағының» 6-томына жазған алғы сөзінде профессор Тұрсынбек Кәкішев Сәкенге қатысты: «Ақан сері, Біржан сал, Майкөт, Қарақожа, Мұсайып, т.б. өнер қайраткерлерінің мұраларын ел аралап жүріп жазып алса, Жамбыл, Кенен сынды халық ақындарымен жүзбе-жүз кездесіп, Жетісуға аты мәшһүр өзге жыршылардың сөздеріне назар аударған» дейді.

Сәкеннің «Жамбылдың жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып, халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» дегені де бар. Сондықтан Жамбыл мерейтойына арналған фестивальде Сәкен музейінің бас жүлде алғаны заңды сияқты.

БАТЫРХАН БАЯНЫ

«Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен аты аңызға айналған өнер иесі, музыкант және халықтың сүйіктісі Батырхан Шөкеновті еске алуға арналған «БАТЫР. Естеліктер» атты концерт өткізді. Astana Vibe оркестрімен бірлесіп өткізілген музыкалық кеш әншінің шығармашылық мұрасына елеулі құрмет болды.

Концерттік бағдарлама өнер иесінің репертуарын, шығармашылық ортасымен байланысты туындыларын және жаңа оркестрлік интерпретацияларды біріктіретін біртұтас музыкалық баяндау ретінде құрылды. Кештің ашылуындағы «Воспоминание» шығармасын виртуоз гитарист Өнер Кулов пен композиторлар Евгений Ботников пен Диляра Ажықанова дирижер Қасым Айтбаевтың жетекшілігімен орындады.



Бағдарламаның маңызды бөлігі өнер иесінің шығармашылық байланыстарына арналды. Батырхан Шөкеновпен бірге «Арай» ансамблінде және «A'Studio» тобында бірге өнер көрсеткен Наджиб Вилданов кешке қатысып, оның мазмұнын тереңдете түсті. Сондай-ақ көрерменге жақсы таныс, өнер иесінің есімімен тығыз байланысты Еркен Ынтықбаевтың «Анажан», «Мәңгі іздеймін» шығармалары және Валерий Стуровтың «Незнакомка» туындысы ұсынылды.

Батырхан Шөкенов репертуарындағы шығармалар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Құрмаш Махан мен Ерлан Рысқали, халықаралық байқаулардың лауреаттары Ербол Тәжібаев, Зарина Божақова, Нұрай Шеру және басқа да өнерпаздардың орындауында кештің ерекше әсерлі бөлігіне айналды. Көпшілікке таныс әуендер өзіне тән интонациясы мен ішкі жылуын жоғалтпай, жаңа қырынан жаңғырып естілді. Концерт бағдарламасы барлық қатысушылар бірлесіп орындаған «Сағым дүние» әнімен түйінделіп, кештің символдық қорытындысына айналды.

Осылайша, «BATYR. Естеліктер» концерті Батырхан Шөкенов мұрасына арналған музыкалық кеш те әртүрлі буын орындаушыларының орындауында шығармалар жаңаша сипат алып, өнерінің тереңдігі мен кеңдігі көрініс тапты.

ӘЛЕМДІК ЖҰЛДЫЗДАР – АСТАНАДА



Астанада халықаралық SOLANA FEST 2026 музыкалық фестивалі өтті. Ауқымды концертке әлемге танымал өнер жұлдыздары қатысып, мыңдаған көрерменге ерекше шоу ұсынды.

Фестиваль аясында британдық әнші John Newman, американдық әншілер Nicole Scherzinger мен Keri Hilson өнер көрсетті. Кеш барысында орындаушылар өздерінің танымал әндерін шырқап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Концерттен кейін шетелдік жұлдыздар Астана туралы әсерлерімен бөлісті. John Newman елордалық көрермендердің энергиясына тәнті болғанын айтып, Қазақстанға әр келген сайын ерекше сезімде болатынын жеткізді.


Ал Nicole Scherzinger қазақ халқының қонақжайлығын ерекше атап өтті. Әнші Қазақстанда болғанына қуанышты екенін айтып, ел тұрғындарының мейірімділігіне жоғары баға берді.

Keri Hilson болса Астананың тазалығы мен жайлы атмосферасына назар аударды. Сонымен қатар жергілікті ас мәзірінің де өзіне ерекше ұнағанын айтты.

Осылайша, SOLANA FEST 2026 фестивалі әлемдік музыка жұлдыздарын бір сахнада тоғыстырған елордадағы ең ірі мәдени шаралардың біріне айналды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай концерттер Астананың халықаралық мәдени және туристік орталық ретіндегі беделін арттыруға ықпал етеді.

Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласындағы Олимпиадалық стадионда U18 санаты бойынша жеңіл атлетикадан жасөспірімдер арасында Орталық Азия чемпионаты өтті.

ЖЕЛАЯҚТЫҢ ЖЕҢІСІ



Халықаралық додаға Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдерінен 250-ге жуық спортшы қатысты. Жарыс барысында спортшылар жеңіл атлетиканың 39 дисциплинасы бойынша бақ сынады.

Жарыс қорытындысы бойынша Астана қаласының спортшысы Мұрат Нұрболсын 3000 метр қашықтықта жоғары нәтиже көрсетіп, чемпион атанды. Ол жарыстың алғашқы сәттерінен бастап көш бастап, мәреге дейін қарсыластарына еш мүмкіндік бермей, сенімді жеңіске жетті.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖАРЫСЫ

Елордада 2013 жылы туған жасөспірімдер арасында «Балаларды қорғау күніне» арналған Астана қаласының бокстан чемпионатының ашылу салтанаты өтті.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін жарысқа шамамен 80 жас спортшы қатысып отыр. Қатысушылар қатарында №3 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері және жергілікті жеке меншік клубтардың спортшылары бар. Чемпионат Aspan спорт кешенінде өтті.

«1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған кіші жасөспірімдер арасында Астана қаласының ашық біріншілігін өткізіп жатырмыз. Жарыс 5 күнге созылады. Қатысушылар 16 салмақ дәрежесі бойынша сынға түседі. Ең мықтылары күзде өтетін аймақтық Қазақстан біріншілігіне жолдама алады, оны жеңгендер Қазақстан чемпионатына баратын болады. Жарыс Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен өтіп жатыр» деді мектеп директоры Нұрболат Ырысмағамбетов.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №58
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ